

Шаруашылық жүргізу
құқығындағы коммуналдық
мемлекеттік кәсіпорын №2
Атырау облыстық ауруханасы



ХАТТАМА

Атырау қаласы
«21» маусым 2023 жыл

Коммунальное государственное
предприятие на праве
хозяйственного ведения Атырауская
областная больница №2

ПРОТОКОЛ

город Атырау

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамаға өзгерістерді қызметкерлерге түсіндіру» туралы.

Комиссия төрайымы: Директор – Н.А.Ергалиева
Спикер: зангер, камплаеанс офицер –К.К.Темириев

Қатысушылар:

Кулбаева К.С. – бас есепші;
Алмуханова З.Т.-бас мейірбике
Дәрігерлер, орта және кіші буын медицина қызметкерлері
Хатшы: Джанбирбаева А.Е.

КҮН ТӘРТІБІ

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңына және
мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша
өзгерістер мен толықтырулар туралы бағытталған семинар»

Комиссия отырысының төрайымы: Ергалиева Надя Атчигалиевна сөз бастады:

Лауазымды тұлғалар мен жұмыскерлер ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасының ережелері туралы хабардар етіледі және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді катысуын қолдау керек. Әр қызметкер ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннамасын қатаң сактау керек екенің айттып кетті.

Аурухана зангері, комплаеанс офицері К.К.Темириев:

Ағымдағы жылдың 3 қаңтарында Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейір заннамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Занға қол қойды.

Қабылданған түзетулер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заннаманы одан әрі жетілдіруге, оның ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың жаңа құралдарын енгізу, құқықтық олқылықтарды жою арқылы бағытталған.

Мәселен, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңының 13 бабында, Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға (ез қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда), мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдарға (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдарға:

- 1) егер шаруашылық етуші субъектіні басқару немесе басқаруға қатысу Қазақстан Республикасының заннамасына сәйкес олардың лауазымдық міндеттеріне кірмейтін болса, шаруашылық етуші субъектіні басқаруға өз бетінше қатысуға, мүліктік немесе өзге де игіліктер алу мақсатында өздерінің қызметтік өкілеттіктерін құқыққа сыйымсыз пайдалану арқылы ұйымдардың немесе жеке тұлғалардың материалдық мүдделерін қанағаттандыруға жәрдемдесуге;
- 2) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алушы және (немесе) өткізууді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметтепен

айналысуға;

3) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға тыйым салынады.

2-1. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде (мемлекеттік кәсіпорындарды қоспағанда) қызметтің жүзеге асыратын адамдар тиісті квазимемлекеттік сектор субъектілерінің және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың еншілес, тәуелді ұйымдарының басқару органдарында, байқау кенестерінде, атқарушы органдарында ақы төленетін лауазымдарды атқаруға құқылы.

3. Осы балтың 1-тармағында аталған адамдар өздеріне меншік құқығымен тиесілі тұрғын үйді мүліктік жалдауға (жалға) беруге және осындай тапсырудан кіріс алуға құқылы.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы мен оның орынбасарларына, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Төрағасы мен оның орынбасарларына инвестициялық қорлардың пайларын, облигацияларды, коммерциялық ұйымдардың акцияларын сатып алуға тыйым салынады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы мен оның орынбасарлары, қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның Төрағасы мен оның орынбасарлары лауазымға тағайындалған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде лауазымға тағайындалғанға дейін сатып алынған, өздеріне тиесілі инвестициялық қорлар пайларын, облигацияларды және коммерциялық ұйымдардың акцияларын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен сенімгерлік басқаруға беруге міндетті.

Аталған тұлғалардың осы тармақта көзделген міндеттемелерді орындауы олардың тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

5. Осы балтың 1-тармағында аталған адамдар лауазымға кірісken күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде, осы адамдарға заңды түрде тиесілі ақшаны, облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, сондай-ақ мүліктік жалдауға берілген мүлікті қоспағанда, өздеріне тиесілі, пайдаланылуы кіріс алуға әкелетін мүлікті Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, осы функцияларды орындау уақытында сенімгерлік басқаруға беруге міндетті, делінген.

6. Мүлікті сенімгерлік басқару шарты нотариаттық қуәландыруға жатады.

7. Облигацияларды, ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын қоспағанда, коммерциялық ұйымдардың акцияларын (жарғылық капиталға қатысу үлестерін) және пайдаланылуы кірістер алуға алып келетін өзге де мүлікті сатып алған жағдайда осы балтың 1-тармағында аталған адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен, сатып алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде оларды сенімгерлік басқаруға беруге және жұмыс орны бойынша персоналды басқару қызметіне (кадр қызметіне) мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарт нотариаттық қуәландырылғаннан кейін он жұмыс күні ішінде нотариаттық қуәландырылған шарттың нотариаттық қуәландырылған кешірмесін ұсынуға міндетті.

8. Осы балтың 1-тармағында аталған адамдардың осы балтың 5 және 7-тармақтарында көзделген міндеттемелерді орындауы олардың мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылатының атты.

Семинар жыйының қортындылады.

зангер, комплаеанс офицер
К.К.Темирайев